

**Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері ұсынған әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту және "Еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органдар ұсынған әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 509 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 988 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 желтоқсанда № 14625 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2024 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 3) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2024 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысы туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

2) алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2025 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Өндірістік жарақаттанудың жай- күйі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

4) алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2025 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

5) алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2025 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау**

министрінің 08.07.2025 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органдар ұсынған әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 509 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11788 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі*

*Т. Дүйсенова*

**КЕЛІСІЛДІ**

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ Н. Айдапкелов

2016 жылғы 30 қараша



8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
Салынған әкімшілік айыппұл дар саны (барлығы )	Әкімшілі к айыппұл д а р сомасы ( м ы ң теңге)	Тоқтатылған (тыйым салынған ) жұмыс			Жұмысы н а н шеттетілг е н жұмыске рлердің саны ( адам)	инспекто рлары жазатайы м оқиғаға жүргізген тергеулер саны ( аяқталған ) Барлығы (бірлік)	Құқық қорғау органдарына берілген материалдардың саны	бойынша қылмыст ы қ жауапты лыққа тартылға н адамдард ың саны Барлығы (бірлік)	

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_

Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға:

Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Күні: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Мөр орны (бар болса)

"Мемлекеттік еңбек  
инспекторларының жұмысы  
туралы мәліметтер" әкімшілік  
деректерді жинауға арналған  
нысанға қосымша

**"Мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысы туралы мәліметтер" өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индексі 1-МЕИЖМ, кезеңділігі ай сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысы туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша осы түсіндірме "Мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысы туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін қалыптастыруға арналған бірыңғай талаптарды (бұдан әрі – Нысан) анықтайды.

2. Осы нысанды жүргізудің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының сақталуына мониторингті жүзеге асыру болып табылады.

## **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 14.04.2026 № 133 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Нысан "Еңбекті қорғау және қауіпсіздік" ақпараттық жүйесінен автоматты түрде қалыптастырылады және жүктеледі.

4. Көрсеткіштер нақты деректер бойынша ағымдағы есепті кезеңнің бірінші күніне қалыптастырылады.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

1. 1-бағанда өңірлердің атаулары ҚР ҰЖ 11-2025 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

2. 2-бағанда жүргізілген тексерулер саны жеке және заңды тұлғаларға қатысты көрсетіледі.

3. 3-бағанда оның ішінде профилактикалық бақылау көрсетіледі.

4. 4-бағанда оның ішінде жоспардан тыс тексерулер көрсетіледі.

5. 5-бағанда анықталған бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

6. 6-бағанда жойылған бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

7. 7-бағанда берілген нұсқамалардың саны көрсетіледі.

8. 8-бағанда салынған әкімшілік айыппұлдардың саны көрсетіледі.

9. 9-бағанда әкімшілік айыппұлдардың сомасы (мың теңге) көрсетіледі.

10. 10-бағанда жұмыстың, оның ішінде станоктардың, жабдықтардың тоқтатылғаны (тыйым салынды) көрсетіледі.

11. 11-бағанда жұмыстың, оның ішінде өндірістік объектілердің тоқтатылғаны (тыйым салынғаны) көрсетіледі.

12. 12-бағанда жұмыстың, оның ішінде ұйымдардың қызметі тоқтатылғаны (тыйым салынғаны) көрсетіледі.

13. 13-бағанда жұмыстан шеттетілген жұмыскерлердің саны көрсетіледі.

14. 14-бағанда мемлекеттік еңбек инспекторлары жүргізген жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру саны (аяқталған) көрсетіледі.

15. 15-бағанда құқық қорғау органдарына берілген материалдардың саны көрсетіледі.

16. 16-бағанда қозғалған қылмыстық істердің саны көрсетіледі.

17. 17-бағанда жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру материалдары бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың саны көрсетіледі.

**"Шетелдік қатысуы бар ұйымдар бойынша мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысы туралы мәліметтер"**

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2025 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

3-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 14.04.2026 № 133 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2016 жылғы 28 қарашадағы  
№ 988 бұйрығына  
3-қосымша  
Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2025 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетіне ұсынылады.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан өтеусіз негізде интернет- ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kgit?lang=ru>.

Әкімшілік нысанның атауы: Өндірістік жарақаттанудың жай-күйі туралы мәліметтер.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан индексі өтеусіз негізде: 2-ӨЖ.

Жиілігі: ай сайын.

Есепті кезең 20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ ай.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: " Еңбекті қорғау және қауіпсіздік" ақпараттық жүйесінде автоматтандырылған режимде есепті кезеңнен кейінгі айдың 3-күніне (қоса алғанда) дейін.

БСН: 

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі - электронды түрде

	Барлығы жазатайым оқиғалар	Оның ішінде	Барлығы зардап	оның ішінде			
				Топтық жазатайым оқиғаларда	Жеңіл және орташа дәрежедегі	Ауыр нәтижемен	

Өңір	саны (бірлік )	топтық бірлік)	( шеккендер саны (адам)	зардап шеккендердің саны ( адам)	зардап шеккендердің саны ( адам)	зардап шеккендер саны (адам)	Қ а з а тапқандар саны (адам)
1	2	3	4	5	6	7	8

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_

Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға:

Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Мөр орны (бар болса)

"Өндірістік жарақаттанудың жай-күйі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

**"Өндірістік жарақаттанудың жай-күйі туралы мәліметтер" өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индексі 2-ӨЖ, кезеңділігі ай сайын) 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Өндірістік жарақаттанудың жай-күйі туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі осы түсіндірме мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысы туралы мәліметтер әкімшілік деректерін қалыптастыруға арналған нысанды толтыру тәртібін (бұдан әрі - Нысан) регламенттейді.

2. Осы нысанды жүргізудің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының сақталуына мониторингті жүзеге асыру болып табылады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 14.04.2026 № 133 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Нысан "Еңбекті қорғау және қауіпсіздік" ақпараттық жүйесінен автоматты түрде қалыптастырылады және жүктеледі.

4. Көрсеткіштер нақты деректер бойынша ағымдағы есепті кезеңнің бірінші күніне қалыптастырылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме**

1. 1-бағанда өңірлердің атаулары ҚР ҰЖ 11-2025 Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

2. 2-бағанда жазатайым оқиғалардың саны көрсетіледі.
3. 3-бағанда топтық жазатайым оқиғалардың саны көрсетіледі.
4. 4-бағанда зардап шеккендердің саны көрсетіледі.
5. 5-бағанда топтық жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны көрсетіледі.
6. 6-бағанда жеңіл және орташа дәрежедегі зардап шеккендердің саны көрсетіледі.
7. 7-бағанда ауыр нәтижемен зардап шеккендердің саны көрсетіледі.
8. 8-бағанда қаза болғандардың саны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2016 жылғы 28 қарашадағы  
№ 988 бұйрығына  
4-қосымша

### **"Мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысы туралы оперативтік мәліметтер"**

Ескерту. 4-қосымша алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2025 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2016 жылғы 28 қарашадағы  
№ 988 бұйрығына  
5-қосымша

### **"Шетелдік қатысуы бар ұйымдар бойынша мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысы туралы оперативтік мәліметтер"**

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.07.2025 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.